

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
АДАПТАЦИИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕПАТРИАНТОВ**

**Материалы
международной научно-практической конференции**

Астана

2017

УДК 811:37
ББК 81.2
А43

Издание осуществлено в рамках реализации научного проекта «Культурно-языковая адаптация молодого поколения репатриантов-казахов в условиях современного Казахстана» на основе грантового финансирования исследований по линии Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2015-2017 гг.

Международная редакционная коллегия:

А.Е. Агманова (отв. ред), Ж.Н. Жунусова, Б.М. Асмагамбетова (Казахстан),
Т.Г. Бочина, С.М. Петрова (Россия)

А43 Актуальные проблемы адаптации и интеграции репатриантов:
сборник материалов международной научно-практической конференции /
Отв. ред. А.Е. Агманова. – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrint LTD»,
2017. – 220 с.

ISBN 978-9965-31-509-1

Сборник содержит статьи участников международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы адаптации и интеграции репатриантов», проводимой в рамках научного проекта «Культурно-языковая адаптация молодого поколения репатриантов-казахов в условиях современного Казахстана». В сборнике представлены результаты исследований казахстанских и зарубежных ученых, посвященных проблемам социокультурной и языковой адаптации репатриантов в контексте современных миграционных процессов, языковой подготовки молодого поколения репатриантов в условиях школьного и вузовского обучения, методики преподавания второго (иностранного) языка и межкультурной коммуникации.

УДК 811:37
ББК 81.2

ISBN 978-9965-31-509-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2017

русского языка и литературы. – Мурманск: НИЦ «Пазори», 2003. – 80 с.

4. Здитовецкая М.В. Лингвокультурологический аспект в преподавании дисциплины «Русский язык и культура речи» // Материалы международной научной конференции «Культурология. Интеллектуальный потенциал культурологии». – Тамбов. – 2003.

ЖАС РЕПАТРИАНТ-ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУДЕГІ АНЫҚТАМАЛЫҚ- АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДЫҢ МАҢЫЗЫ⁷

Құзар Ж.Н.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан

Kuzar_zhanna@mail.ru

2015-2017 жж. «Қазіргі Қазақстан жағдайындағы жаңа буын репатриант-қазақтардың мәдени-тілдік бейімделуі» атты жобаны іске асыру шеңберінде біршама жұмыстар атқарылды. Оның ішінде жас репатриант студенттерінен еліміздің түрлі аймақтарынан сауалнама алынды, сауалнама жауаптары негізінде қорытындылар шығарылды, жас буын қазақ репатрианттарына арнайы университет қабырғасында және Оңтүстік Қазақстан облысында оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Сонымен қатар, оралман студенттеріне арналған орыс тіліндегі оқулықтар, оқу құралдар әлі күнге дейін жетіспейді. Сондықтан, мамандандырылған әдебиеттердің жетіспеушілігінен бірнеше оқу құралдар («Қазақ тілді репатриант студенттері үшін орыс тілі оқу құралы» (бастапқы деңгей) [1], «Орыс тілі (ғылыми стиль): Қазақ тілді репатриант студенттері үшін оқу құралы» [2], «Орыс тілі жөніндегі грамматикалық анықтамалық: Қазақ тілді репатриант студенттері үшін» [3]) әзірленді және басылып шықты. Құрастырылған оқу құралдар қазіргі кезде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің теориялық және қолданбалы

⁷ Исследование проводится в рамках реализации проекта «Культурно-языковая адаптация молодого поколения репатриантов-казахов в условиях современного Казахстана» на основе грантового финансирования научных исследований Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2015-2017 гг. (рук. д.ф.н. А.Е. Агманова).

лингвистика кафедрасында оқу үдерісіне сәтті енгізіліп, сабақ үрдісінде студенттер мен оқытушылар қолданылып келеді. Оған қоса, қазіргі уақытта оралмандардың бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тілдік курстар жұмыс істейді. Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында бұл оқу құралдар арнайы орыс тіліндегі курстарда қолданылады.

Зерттеу жүргізу барысында жас репатриант-қазақтар үшін арнайы анықтамалық-ақпараттық және оқу-әдістемелік әдебиеттің шығарылуы аса қажет екендігі анықталды. Соның негізінде, анықтамалық-ақпараттық құрал репатриант жастарға жаңадан әлеуметтік, қоғамдық-мәдени ортада бейімделу және тілдік бейімделу, күнделікті өмірде кездесетін жағдайларда қалай қарым-қатынас жасау керектігі туралы, яғни мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамыту, мемлекет тарапынан ұсынылатын әлеуметтік көмек, мемлекет саясатындағы заңнамалық база, тиісті мемлекеттік мекемелердің орналасуы, байланыс телефондары сияқты пайдалы мәлімет және т.б. қамтылған [4].

Бұл анықтамалық-ақпараттық құралдың негізгі мақсаты: репатриант жастарға қатысты қабылданатын құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы хабардар ету, оралман студенттерді әртүрлі қызмет аяларында қатысуды ынталандыру болып табылады.

Оқу құралдың алғашқы тарауы этникалық көші-қон саласындағы негізгі құқықтық-заңнамалық базасы сипатталады. Сонымен қатар жас оралмандарға арналған мемлекеттік әлеуметтік қолдауды (Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтарға Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы; этникалық қазақтарға орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі техникалық және кәсіптік мекемелердің жатақханаларында уақытша тіркеу құқығын беру; жоғары оқу орындарына түсуге жеңілдіктер беру және т.б.) көздейтін құжаттар қарастырылған. Оның ішінде Қазақстан үкіметі оралмандарды қоныстандыратын облыстар туралы қаулы көрсетілген. Қазақстан үкіметі оралмандарды Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына орналастыру жөнінде қаулы қабылдады. Министрлік өкілі бұл аймақтарды таңдаудың бірнеше себебі барын айтады.

Ерекше орынды жастарға Қазақстанның жоғарғы оқу орындарына түсетін кездегі қажет бола алатын ақпарат алады. Жастар оқуды жоспарлау кезінде көптеген қиындықтарға тап болады. Негізгі қиындық – Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындары, өмір сүру жағдайлары, оқу, тамақтану, қандай да бір жеңілдік алу мүмкіндіктері және т.б. туралы ақпараттың жеткіліксіздігі.

Жоғары оқу орындарында оралман балалары үшін квота бар. Мәселен, бүгінгі күні, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан және басқа да көрші елдерден келген отандастарымыз әр жоғары оқу орындарында оқиды.

«Халықтың көші-қоны» Заңының 29-2 бабына сәйкес, Білім және ғылым министрлігі оралмандарға орта кәсіптік және жоғары оқу орнына түсуге Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген көлемде квота бөлінуін қамтамасыз етеді. Министрліктің жергілікті департаменттері мектептерде және бала-бақшаларда оралмандарға орын бөлінуіне жауапты. Жалпы, министрліктің жергілікті және облыстық департаменті оралмандарға білім алуды ұйымдастыруда белсенділік танытып отыр.

Болашақ талапкер болып табылатын оралман ҚР БҒМ мемлекеттік грант беру жөніндегі жыл сайынғы конкурсқа қатысуға құқылы. Грантты беру конкурсы бойынша бірнеше санаттарда қаралады.

ҚР БҒМ Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті төмендегідей квоталарды көрсетті:

– Жетім балаларға, мүгедектер, оралмандарға арналған гранттар гранттардың жалпы санынан айқындалған пайызы бөлінеді, олардың негізінде аталған тұлғалар конкурсқа қатысуынсыз тегін білім алуға мүмкіндігі бар. Алайда, егер бір мамандық бойынша бір санаттағы бірнеше жеңілдікті пайдаланушылар үміттенсе, кім көп балл алған кезде артықшылық соған беріледі.

Үкіметінің 2000ж. 11 қарашадағы қаулысына сәйкес, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ баласына мемлекеттік гранттың 2 пайызы бөлінеді делінген.

Репатриант-қазақтарының көбісі, әсіресе, алыс шетелден келгендері, орысша мүлдем сөйлемейді немесе оны өте нашар меңгерген. Бұл фактіні ескере отырып, ЖОО студент-репатрианттардың тілдік даярлық ерекшеліктері бөлімінде ЕҰУ моделі жақсы сипатталған. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің (ЕҰУ) көлік-энергетика, сәулет-құрылыс, филология, ақпараттық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары, физика-техникалық, экономикалық және әлеуметтік ғылымдар факультеттерінің барлық мамандықтары бойынша студенттер үшін «Орыс тілі» жалпы білім беру пәні ретінде жүргізіледі.

Сондықтан, орыс тілін оқытудағы білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін қазақ-оралман студенттеріне арнайы бағдарламалар бойынша жеке құрылған топтарда сабақ жүзеге асырылады. Орыс тілі шет тілі ретінде қазіргі заманғы әдістерді иеленетін, шет тілді аудиторияларда жұмыс жасайтын, тәжірибесі мол, жоғары білікті мамандар, яғни оқытушылар сабақты жүргізеді. Үштұғырлы тіл бағдарламаны іске асыру және ЖОО-да студенттердің тілді үйренуге ынталандыруға бағытталған шаралар кешені жасалынып жатыр.

Құралдың жеке тарауы көпмәдениетті қоғамдағы мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері туралы мәліметтерге арналған. Қарым-қатынастың интермәдениет жағдайында мәдениетаралық коммуникация моделдері ұсынылып, оларға сәйкес қазақстандық болмысты ескере отырып, қарым-қатынас ахуалына қарай әртүрлі салаларда коммуникативтік жағдайлар құрылады. Ұсынылып отырған жағдайлар мәдениетаралық қарым-қатынастың полиэтникалық жағдайлар мен көп мәдениетті Қазақстандық қоғам дағдыларын дамытуға бағытталған.

Анықтамалық-ақпараттық құралының жалғасы репатриант-қазақтар үшін ең өзекті құжаттарды рәсімдеу жөніндегі ұсыныстарды қамтиды. Репатриант-қазақтардың тілдік дайындығының маңызды қыры – ауызша және жазбаша іскерлік тіл дағдыларын меңгеру болып табылады. Бұл, әсіресе, өтініш беруге, өмірбаян жазуға, түйіндеме жасауға және басқа да құжаттарға қатысты. Күнделікті өмірде оралмандар дұрыс және дер кезінде белгілі бір құжатты (Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін құжаттарды жинау мен рәсімдеу, жоғарғы оқу орнына түсер кезде құжаттарды рәсімдеу, жұмысқа тұру және т.б.) рәсімдеу қажет кезінде болатын жағдайларға жиі тап болады.

Қорытындыла келгенде, Қазақстандағы этникалық қазақтардың қоғамдық-мәдени бейімделуі – бұл бүгінгі таңдағы бірнеше ондаған жылдар бойы қызығушылық бәсеңдемеген өзекті мәселе. Оралмандардың бейімделу мәселелері қоғамның тұрақты және ілгерілемелі дамуы үшін көші-қон үрдістерінің маңызды аспектерінің

бірі болып есептеледі. Ал жас репатрианттар бұл келешек қоғамдағы жоғары білікті, сауатты, мәдениетті азаматтар.

Әдебиет

1. «Қазақ тілді репатриант студенттер үшін орыс тілі оқу құралы» / А.Е. Агманова, Б.М. Асмагамбетова, М.К. Даирова, Д.Б. Ақынова – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrintLtd», 2015. – 250 с.
2. «Орыс тілі (ғылыми стиль): Қазақ тілді репатриант студенттер үшін оқу құралы» / А.Е. Агманова, Б.М. Асмагамбетова, М.К. Даирова, Ж.Н. Құзар – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrintLtd», 2016. – 170 с.
3. «Орыс тілі жөніндегі грамматикалық анықтамалық: Қазақ тілді репатриант студенттері үшін» / А.Е. Агманова, Б.М. Асмагамбетова – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrintLtd», 2016. – 100 б.
4. Репатриант-қазақ жастарына арналған анықтамалық-ақпараттық құрал. Құрастырушылар: А.Е. Агманова, Ж.Н. Құзар – Астана: ТОО «KazServicePrint LTD» баспасы, 2017. – 74 б. Қазақ және орыс тілдерінде.

ЯЗЫКОВАЯ ПОДГОТОВКА СТУДЕНТОВ-РЕПАТРИАНТОВ В РАМКАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ПОДХОДА

Логинова М.В.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Казахстан, Астана

mariatjo@mail.ru

Актуальность профессионально-ориентированного подхода к обучению русского языка на неязыковых специальностях в условиях вузовского образования заключается в формировании языковой компетентности и коммуникативного навыка будущих специалистов, подкованных, умеющих ориентироваться в профессиональной среде, вести деловые переговоры, заключать профессиональные контракты. Ученые отмечают, что «на сегодняшний день проблемы активизации, оптимизации, результативности учебно-познавательной деятельности студентов учреждений профессионального образования являются